

ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 10 ақпан 2026 жыл
Өткізілген орны: музыка залы
Қатысқандар: педагог, кеңес мүшелері, психолог
Төраға: Балабақша меңгерушісі
Хатшы: Қуантай А.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Әдеп кеңесінің құрамын бекіту және 2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау.
2. Қазақстан Республикасы педагогикалық әдеп қағидаларын таныстыру.

Бірінші мәселе бойынша

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес педагогтердің кәсіби қызметінде әдеп нормаларын сақтау мақсатында Әдеп жөніндегі кеңестің құрамын бекіту қажеттігін атап өтті.

Әдеп жөніндегі кеңестің құрамына келесі қызметкерлер ұсынылды:

Жұмыс берушіден:

- Тщанова А.Ш.-шаруашылық меңгерушісі
- Қуантай А.Ж.-психолог

Қызметкерлерден:

- Рахипова Б.М.-тәрбиеші
- Гетман Л.Т.-кәсіподақ төрайымы
- Ботағалиева Ә.-тәрбиеші

Сонымен қатар, 2026 оқу жылына арналған Әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары таныстырылды. Жоспарда педагогикалық әдепті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту, педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру бойынша іс-шаралар қамтылғаны айтылды.

Сөйлегендер:

Кәсіподақ төрайымы Гетман Л.Т. ұсынылған құрам мен жұмыс жоспарының өзектілігін атап өтіп, жоспарды бекітуді ұсынды.

Педагог-психолог Қуантай А.Ж. ұжымдағы жағымды қарым-қатынасты қалыптастыруда Әдеп кеңесінің рөлі маңызды екенін айтты.

Қаулы етті:

1. Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынылған құрамы бекітілсін.

2. 2026 оқу жылына арналған Әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін.
3. Жоспарға сәйкес іс-шаралардың сапалы және уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.
4. Әдеп жөніндегі кеңес өз жұмысын бекітілген жоспар негізінде жүргізсін.

Екінші мәселе бойынша

Тындалды:

Шаруа меңгерушісі -Тщанова А.Ш Қазақстан Республикасы педагогтерінің әдеп қағидаларымен таныстырды.

Баяндама барысында педагогтердің:

- қызметтік міндеттерін адал әрі сапалы орындауы;
- педагог мәртебесіне сай мінез-құлық танытуы;
- тәрбиеленушілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі;
- ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластық қарым-қатынас орнатуы;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті ұстануы;
- әлеуметтік желілерде педагогтің оң имиджін сақтауы;
- қызметтік этика талаптарын орындауы

туралы кеңінен түсіндірілді.

Педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау білім беру ұйымындағы қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі екендігі атап өтілді.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Рахипова Б.М педагогикалық әдеп талаптарын сақтау педагогтің кәсіби беделін арттыратынын айтты.

Қаулы етті:

1. Қазақстан Республикасы педагогтерінің әдеп қағидалары туралы ақпарат назарға алынсын.
2. Барлық педагог қызметкерлер педагогикалық әдеп нормаларын қатаң сақтасын.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын насихаттау және түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
4. Әдеп қағидаларының сақталуына бақылау жасау Әдеп жөніндегі кеңеске жүктелсін.

Кеңес төрағасы: _____

Хатшы: _____

1. Әдеп жөніндегі кеңестің бекітілген құрамы.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған Әдеп жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары.